



GUIDEBOOK
«СЕНІҢ
ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ
ЖАЗҒЫ
ДЕМАЛЫСЫҢ»

(1-4 сынып білім
алушылары үшін)





GUIDEBOOK
**«СЕНІҢ
ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ
ЖАЗҒЫ
ДЕМАЛЫСЫҢ»**

**(1-4 сынып білім
алушылары үшін)**

(оқушының тегі, аты)

2024 жыл

АЙНАЛАЙЫН, БАЛАҚАЙ!

Сен және сенің достарың жазғы демалысты асыға күткен боларсыңдар?! Жазда айнала жап-жасыл! Күн жылы, таңнан кешке дейін ашық ауада уақыт өткізуге болады.

Сен жазғы демалысыңды қызықты өткізгің келе ме? Онда осы Гайдбукпен мұқият таныс!

Гайдбукта жазғы демалыстың көңілді және нәтижелі болуына көмектесетін әртүрлі әрекеттер, ойындар, ұсыныстар мен сілтемелер бар.

Гайдбукта сен табиғат аясындағы, судағы және үйдегі қауіпсіздік туралы жақсы кеңестер мен ережелер, түрлі шығармашылық жобалар мен қызықты ойындарды таба аласың.

Бұл нұсқаулық өзіңе деген сенімділікті және шығармашылық ойлауды дамытудың тамаша құралы болып табылады.

Гайдбук Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің тапсырысы бойынша құрастырылды.



ЖАС ДОС!

Жазғы демалыс – табиғаттан ләззат алуға, достарыңызбен уақыт өткізуге және әртүрлі қызықты іс-шараларға қатысуға тамаша уақыт.

Жазғы демалыс – жаңа достар тауып, қызықты оқиғаларды бастан өткізіп, жақсы тәжірибелер жинаудың уақыты.

Сені және достарыңды балаларды сауықтыру орталығы, спорттық іс-шаралар, еліміздің көрікті жерлеріне экскурсиялар, табиғат аясында, таза ауада демалу, туристік жорықтар күтеді.


Осы жазғы демалысты белсенді, көңілді және өзіңе пайдалы етіп өткіз!

Осы Гайдбук нұсқаулығындағы жақсы кеңестермен таныс бол және оны іске асыр! Бұл кеңестер жазғы демалыстан көптеген эмоциялар мен тәжірибе жинақтауға көмектеседі.



ҚЫМБАТТЫ ДОС!

ЖАЗДЫ ҚЫЗЫҚТЫ, ПАЙДАЛЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН БІРНЕШЕ КЕҢЕСТЕР ҰСЫНАМЫЗ



Күн сайын таңертең дене жаттығуын жаса.

Танымдық істермен айналыс – апта сайын экскурсияларға, театрлар мен мұражайларға баруға уақыт бөл.



Күнделікті кітап оқуды әдетке айналдыр. достарыңмен бірге кітап оқып, оны міндетті түрде талқылаңдар.



Тұрақты музыкалық үзілістер жаса. Бір айға музыкалық шығармалардың тізімін жасап, күн сайын тыңдауға 10-15 минут уақыт бөл.



Күн оқиғалары бойынша фотосессия жасауды ұмытпа. Жеке күнделік жүргіз.



Ата-анаңды серуендеуге шақыр. Ата-әжеңмен жиі сөйлес. Олардың әңгімелерін тыңдап, видеоға жаз, монтаждалған фильмді отбасылық мерекеде көрсет.



Қызықты сюжеттер ойлап тауып, «Менің қызықты жазым» видеосын жаса. Монтаж жасап, музыканы таңдап ал, ата-анаңмен және достарыңмен түсірілген кадрларды бірге қараңдар.



Белсенді бол. жаңа спорт түрлерімен немесе хоббиімен айналыс. Бұл саған көптеген жарқын әсерлер сыйлайды.

Үйдің жанында, балконда өз қолыңмен көкөніс бақшасын немесе гүлзар отырғыз. Еккеніңді суаруды және күтуді ұмытпа. Бұл пайдалы жаңа тәжірибе.





Ата-анаңның көмегімен аспаздық шеберлік сабағын ұйымдастыр. Қиялға жол бер және тағамдардың рецепттерін ойлап тап.

Табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын жасауға күн сайын 1 сағат арна, оларды отбасыңа немесе достарыңа сыйла.



Бірнеше ойынды үйреніп алып, достарыңды ойынға шақыр.





СЕНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКЕ КҮНДЕЛІГІҢ

Қымбатты дос!



Күнделік жүргізудің пайдасы туралы естідің бе?

Жеке күнделігіңде сен күні бойы болған оқиғаларды сипаттай аласың.

Өз ойларыңмен армандарыңды күнделікке жаз.

Мұнда күнделікті қалай қызықты толтыруға болатыны туралы кеңестер берілген.



СЕНІҢ ӨМІР САЛТЫҢ – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ!

Қымбатты дос!

Таза ауада серуенде, өйткені табиғатта жаяу серуендеу ең жақсы демалыс болып табылады.

Спорт түрімен айналыс. Бұл велосипед тебу, таңертеңгі жүгіру немесе белсенді ойындар болуы мүмкін.

Күнделікті дене жаттығуларын жасау денсаулыққа өте пайдалы. Таңертең салқын сумен жуырудан баста және гимнастика жаса.

Біз саған пайдалы дене жаттығуларының жиынтығын ұсынамыз.



ТАНЫМДЫҚ ЖАЗ

Қымбатты дос!

Жаз – Қазақстанның әдемі және есте қаларлық жерлеріне қызықты саяхат жасаудың тамаша мүмкіндігі.

Камераны QR-кодқа апар, сонда сен біздің елімізде қанша тамаша жерлер бар екенін көресің.

Қазақстанның елордасы – Астана, Ақмола облысындағы Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, Шымкент қаласының көрікті жерлері, Атырау облысының шексіз далаларының інжу-маржаны Ақкөгершін үстірті, Жетісу облысы Шарын өзенінің төрт каньоны және басқалары сенің көңіліңді көтеріп, мақтаныш сезімін сыйлайды.



ЖАЗ – ӨНЕРДІҢ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ СҮЛУЛЫҚТЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ӘЛЕМІ

Қымбатты дос!

Жазда мұражайлар мен театрларға бару арқылы Қазақстанның тарихы мен өнері туралы көбірек біле аласың.

Театрда сен әдеби шығармалармен, олардың кейіпкерлерімен және актерлердің қызықты әлемімен таныса-сың.

Мұражайда сен ел тарихының, оқиғалардың жаңа беттерін және әртүрлі дәуірлерде өмір сүрген керемет адамдар жайлы білесің.

Камераны QR кодқа бағытта, сонда сен бүгін баратын театр мен мұражайды таңдай аласың.





ӨЗ ҚОЛЫҢМЕН ЖАЗҒЫ СЫЙЛЫҚ ЖАСА


Қымбатты дос!

Жаз – шығармашылықты дамытатын уақыт. Туыстарың мен достарыңа табиғи және қолда бар материалдардан сыйлық жаса. Мысалы, құрғақ түрлі-түсті жапырақтардан жасалған құс.

Құрғақ жапырақтар сиқырлы гүлдің жапырақшаларына, ертегі құсының немесе жарқын көбелектің қанаттарына, кемеңің желкеніне айналуды мүмкін, аквариумдағы балықтардың әдемі қанаттарын безендіреді.

Міне, осы және басқа қолөнерді жасауға арналған бірнеше кеңестер.

Камераны бағыттап, QR кодына өт, сонда сен өзің үшін қолөнерді таңдай аласың.





ЖАЗ – ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУУ УАҚЫТЫ

Қымбатты дос!



Міне, жазғы демалыста қандай дағдыларды дамытуға болатыны туралы бірнеше идеялар.

Егер сен өз бетіңше сурет салуды немесе әдемі билеуді, ертегі кейіпкерлерінің мүсіндерін пластилиннен мүсіндеуді, планер модельдерін және басқа техниканы жасағың келсе, онда саған әртүрлі тегін бейне сабақтары көмектеседі.

Камераны бағыттап, QR кодына өтіп, сонда сен өзің үшін пайдалы істі таңдай аласың.





ЖАЗ КІТАППЕН БІРГЕ

Қымбатты дос!

Осы жазда келесі кітаптарды оқуға кеңес береміз:

1. Балаларға арналған ертегілер.

2. Абай Құнанбаев. Өлеңдер.

3. Ахмет Байтұрсынов. Өлеңдер.

4. Бердібек Соқпақбаев. «Балалық шаққа саяхат».


5. Қазақ халық ертегілері.

6. Молдахмет Қаназов. «Чика – Дабылдың ұлы».

7. Николай Носов. «Дымбілмес пен достарының хикаялары».

8. Александр Пушкин. «Салтан патша туралы ертегі».

Егер сені басқада кітаптар қызықтырса, камераны бағыттап, QR-код бойынша «Балалар кітапханасы» порталына өт.



ЖАЗҒЫ ОЙЫНДАР

Қымбатты дос!

Біз саған және сенің достарыңа таза ауадағы қызықты ойындарды ұсынамыз.

«**Соқыртеке**» Ойынның сипаттамасы: ойыншылардың бірінің көзі байланып, белгілі бір қадамдармен алға басып, сонымен қатар бұрылып, бастапқы орнына оралуын сұрайды.

Ескерту: Ойынды мейлінше күрделірек етуге болады. Тек алға ғана емес, сонымен қатар оңға немесе солға белгілі бір қадамдар жасау туралы нұсқаулар беру арқылы ойынды одан әрі қиындатамыз.

Егер сен басқа ойындарды үйренгің келсе, камераны бағыттап, QR кодына өт, сонда сен өзің үшін ойынды таңдай аласың.



СЕНІҢ ҚАУІПСІЗ ЖАЗЫҢ

Қымбатты дос!

Өз қауіпсіздігің үшін біліп жүр! Бұл кеңестер саған пайдалы болады.

1 Егер сен жаяу жүрсең тротуармен немесе жаяу жүруге арналған жолдармен жүр.

2 Егер сен велосипедпен жүрсең, көлікке жақын жүруге болмайтынын және кетіп бара жатқан көлікке жабысуға болмайтынын ұмытпа!

3 Егер сен орманда болсаң, онда тым алысқа барма және қараңғы түскенше ұзақ жүрме. Орманға ашық түсті киім ки.



4 Әрқашан өзіңмен бірге ауыз су алып жүр. Бейтаныс жемістердің, жидектер мен саңырауқұлақтардың дәмін татпа.

5 Ата-анаңсыз өзенге немесе көлге шомылуға баруға болмайды! Егер сен жүзе алмайтын болсаң, суға тек бөліңе дейін кіруге болады. Жалғыз шомылма, суда тентектікке жол берме.

6 Егер бейтаныс адамдар сені күшпен алып кетуге тырысса, қарсы тұр! Айқайлап «Көмектесіңдер!» деп көмекке шақыр.

Басқа қауіпсіздік кеңестері туралы мына жерден біле аласыз.





АТА-АНАЛАР ҮШІН ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Құрметті ата-аналар!

Балалардың қала сыртындағы сауықтыру орталықтарындағы демалысы – бұл олар үшін жазғы демалысты қызықты өткізудің, дербестік, өзіне сенімділік және көшбасшылық дағдыларын дамытудың бірегей мүмкіндігі.

Камераны бағыттап, QR кодына өтіңіз, Сіз балаларыңыз үшін таңдай аласыз.

ЖЫЛ БОЙЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ЛАГЕРЬЛЕР



Құрметті ата-аналар!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдардың сайттарынан өзіңізге пайдалы ақпаратты таба аласыз



«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты



«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы



Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы



«Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы



Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы



Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы

ЕГЕР СЕН ҚИЫНДЫҚҚА ТАП БОЛСАҢ, САҒАН МЫНА ҚЫЗМЕТТЕР КӨМЕКТЕСЕДІ

Тегін шұғыл қызметтер



102

Полиция



101

Өрт сөндіру
қызметі

103

Жедел жәрдем



104

Авариялық
газ қызметі

111

Бірыңғай байланыс орталығы



112

Төтенше
жағдайлар
департаменті

**ЖАРНАМАҒА
АРНАЛҒАН ОРЫН**

